

**НҰР-МУБАРАК ЕГИПЕТ ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ УНИВЕРСИТЕТИ
ТІЛДЕР ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПӘНДЕР ФАКУЛЬТЕТИ
ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ АУДАРМА ІСІ КАФЕДРАСЫ**



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
1-4 курстар үшін

Білім беру саласының коды және классификациясы: 6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар

Дайындау бағытының коды және классификациясы: 6B023 Тілдер және әдебиет

Бағдарлама атауы: 6B02301 – Шетел филологиясы

Бағдарлама деңгейі: бакалавриат 6 деңгей ҰБШ (Ұлттық біліктілік шеңбері) / СБШ (Салалалық біліктілік шеңбері) / ББХСЖ (Білім берудің халықаралық стандарттық жіктелімі)

Берілетін дәреже: «6B02301 – Шетел филологиясы» Білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры

Кредиттердің жалпы көлемі: 240 кредит / 240 ECTS

Оқу мерзімі: 4 жыл

Білім беру бағдарламасын дайындау және сараптау бойынша жұмыс тобы

Өзірлеушілер:

| Аты-жөні | Қызметі | Қолы |
|-----------------|---|------|
| Ж.А. Жумашова | PhD доктор | |
| Г.К. Рысбаева | ф.ғ.д. | |
| Б.Р. Кульбекова | п.ғ.к. | |
| Қ.А. Кыдырбаев | PhD доктор | |
| Ш.Т. Бактиярова | Магистр, аға оқытушы | |
| Д. Масимханұлы | Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры | |
| А. Жұмағалиқызы | Білім алушы | |



Сарапшылар:

| Аты-жөні | Қызметі | Қолы |
|-----------------|---|------|
| М. Махмет | Академиялық мәселелер департаментінің директоры | |
| Ш.А. Адилбаева | Сапа менеджмент жүйесі бөлімінің меңгерушісі | |
| А.Ж. Акшолокова | PhD доктор | |
| Ш.Т. Керім | Әбу-Ханифа ғылыми зерттеу орталығының директоры, ф.ғ.д, проф. | |

Білім беру бағдарламасы Шетел филологиясы және аударма ісі кафедрасында дайындалып, талқыланды. Хаттама №4 25.11.2022 ж.
Кафедра меңгерушісі м.а., А.Ж. Акшолокова

Тілдер және гуманитарлық пәндер факультеті кеңесінде талқыланып, мақұлданды.
Хаттама №3 25.11.2022 ж.
Факультет деканы Мухаммад Салахуддин Ахмед Сәлем

Академиялық комитет мәжілісінде талқыланды және мақұлданды.
Хаттама №4 25.11.2022 ж.
Академиялық комитет хатшысы М.А. Жолмағанбетова

Университеттің Ғылыми кеңесі мәжілісінде бекітілді.
Хаттама №4 28.11.2022 ж.

ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИСЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

«БВ02301-Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша бакалаврларды дайындау бағдарламасы қазіргі заманғы лингвистика мен әдебиеттанудың іргелі ережелері мен негізгі түсініктерін игерген, кәсіби деңгейде шет тілдік қарым-қатынас құзыреттілігін меңгерген, кәсіби қызметті дамытуға және жетілдіруге қабілетті, мәдениетаралық қарым-қатынасты жүзеге асыра алатын, тілдің, әдебиеттің және мәдениеттің объектілерін салыстырмалы тұрғыда талдаудың қазіргі заманғы тиімді әдістерін меңгерген филолог мамандарына бағытталған. Білім беру бағдарламасы шетел тілінің әдебиетін оқытудың лингводидактикалық мәселелерін теориялық және практикалық тұрғыдан шеше алатын мамандарды дайындауға, шетел тілін және оның әдебиетін оқытудың әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияларды, әдебиет және лингвистика салаларына филологиялық зерттеулер жүргізу қабілетіне баса назар аударады.

1. БАҒДАРЛАМА НЕГІЗДЕМЕСІ

«Шетел филологиясы» білім беру бағдарламасын игеріп, жалпы орта буындарға және кәсіби және орта буыннан кейінгі кәсіби және гуманитарлық бағыттағы орта салалық (гимназиялар, лицейлер), орта кәсіптік (училище) және орта білімнен жоғары кәсіби (колледж) оқу орындарында шетел тілдері мен әдебиеті оқытушысы ретінде кәсіптік қызметін бастай алады. Гуманитарлық білім бакалавры басылым жұмыстарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, радио мен телехабарда, ғылыми ұйымдар бағыттарында жұмыс істей алатын маман болып шығады. Бұл білім бағдарламасын меңгеріп шыққан білім алушы еңбек нарығының сұранысына сай, академиялық және мәдениетаралық кәсіби қарым-қатынас саласында екі шетел тілін еркін меңгерген, заманауи және ақпараттық технологиялардың әдіс-тәсілдерін білетін жан-жақты білікті маман атанады.

2. БАҒДАРЛАМА МАҚСАТЫ

Шетел филологиясы білім беру бағдарламасының мақсаты - академиялық және мәдениетаралық кәсіби қарым-қатынас саласында екі шет тілін еркін меңгерген білімді және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау, аударматану және филология ғылымдары саласындағы теория мен тәжірибеден терең білімі бар мамандарды даярлау.

Негізгі құзыреттіліктер (НҚ):

Бағдарлама бойынша бітіруші түлектер мынандай негізгі құзыреттіліктерді меңгеріп шығады:

1. Ғылыми ізденіс жүргізуді, шет тілдерінде редакциялауды, аннотация жасаудың информациялық технологиясын білу;
2. Тіл мен сөйлеу туралы ғылыми зерттеулерде қазіргі заманғы лингвистикалық әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, лингвистика саласындағы заманауи бағыттар бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу, филология бағытындағы оқу-зерттеу жобаларын әзірлеу, филологиялық сипаттағы жобаларға сараптамалық қорытынды жасау;
3. Әдеби шығармаларды талдаудың әртүрлі аспектілерін (эстетикалық, семиотикалық, герменевтикалық, стилистикалық және т. б.), мәтінді түсіндіру және бағалау өнерін көрсете отырып, мәтін мен сыртқы білім арасындағы байланысқа салыстыру жасай отырып және оны орната отырып; мәтіннің ерекшеліктерін түсіндіре отырып қолдану;
4. Ғаламдық мультимәдени әлемде өмір сүруге қабілетті әмбебап құндылықтарға бағдарланған тұлғаны тәрбиелеу; студенттердің рухани, моральдық құндылықтары мен патриоттық сенімдерін қалыптастыру.

5. Топпен жұмыс істеу мүмкіндігі; кәсіби қызметпен байланысты мәселелерді шешу үшін шығармашылық ойлауға және жаңа идеяларды ұсынуға; қақтығыстың жағдайын бейбіт жолмен алдын-алу және шешу жолдарын білу;
6. Заманауи ақпараттық технологияларды меңгеру және оларды кәсіби қызметінде қолдану.
7. Аударма конвенцияларын ескере отырып, аударманың бастапқы тілінің грамматикалық, лексикалық, идиоматикалық құрылымдарын қолдану, аударма үдерісін жеңілдететін бағдарламаларды пайдалану, қажетті ақпаратты, оның ішінде Интернет желісінде іздеу, сұрау және бағалау.
8. Инновациялық міндеттерді қою және шешу: алынған теориялық білімдер мен БАҚ тәжірибесіне негізделі отырып, редакциялық жұмыстың әр түрлі түрлерін жоғары деңгейде орындау: телевизиялық сценарийді жазу дағдыларын меңгергенін, алған білімдерін тәжірибеде қолдану; жаңа идеяларды тудыру қабілетін көрсету;
9. Елге, жерге, мәдениетке және тілге деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін ұялатып, өз тілінде және үйренуші тілдерде сөйлеушілердің мәдениеті, саясаты, қоғамдық ерекшеліктері, психологиясы және діні туралы лингвомәдени білімін қалыптастыру. Дені сау азамат ретінде өмір сүру және экологиялық сауаттылық негізінде азаматтық жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

Оқыту нәтижелері (ОН)

Аталмыш бағдарлама түлектері келесідей нәтижелерге қол жеткізе алады:

1. Шетел тілінің нормативтік айтылуын меңгеру; шетел тілінде әртүрлі коммуникативті мақсаттарды білдіру және анықтау; шетел тіліндегі әртүрлі байланыс регистрлерін білу; кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін білу; ауызша және жазбаша коммуникацияны анық, дәлелді және қисынды дұрыс құру; шетел тілінің нормалары мен қолданылуын сақтау; шетел тіліндегі ақпаратты жинақтау, сыни талдау, қорытындылау және синтездеу; күнделікті және кәсіби қарым-қатынас аясында ауызша мәлімдемелер құру; тілдік қатынастың түрлерін оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым, тілдесім дағдыларын меңгеру. Студент шетел тілін оқытудың жаңа технологияларын, қазіргі бағыттарын меңгеріп шығады.
2. Дінтану, теология, исламтану саласында теориялық маңызы бар мәселелерді қалыптастыру, дін мен діни теория туралы білімді талдау және жүйелеу. Ислам дініндегі Құранның орны мен маңызын, Құранның жалпы мазмұнын, жазылуы мен сақталу тарихын, Құран ілімдері туралы тәпсір, тәжуид, қирағат және насх-мансұх туралы түсініктерін меңгеріп шығады. Заманауи тұрғыдан оқытудың діни, ислами әдістері мен тәсілдерін игереді.
3. Тіл туралы негізгі мәселелерді қарастыру, тілдің мәні мен табиғатын көрсетіп анықтай білу. Оқытылатын шетел тілінің тарихы және мәдениетімен танысу, тілдік талдау жүргізудің методологиясымен танысу, оқытылатын шет елдің даму кезеңдерін меңгеру. Оқытылатын шетел тілінің фонетикасына, морфологиясы мен грамматика саласына көңіл бөліп, морфологиялық, синтаксистік талдау жасай білу, ана тіліндегі ережелермен салыстыра отырып талдау, басты ерекшеліктерді ажырата алады. Оқыту нәтижесінде студенттер лингвистикалық талдаудың қалай жасалатын әдістемесін түсінеді және грамматикалық білімдер, категориялар туралы ауызша және жазбаша сөйлеудегі рөлі мен қызметі туралы түсінік қалыптасады. Қазіргі заманға сай шетел тілін оқытудың басты қағидаларын меңгереді. Жалпы лингвистикалық құзыреттілікті, кәсіби лингвистикалық дүниетанымды қалыптастырады, шетел тілінің стилистикасының түрін, мағынасы мен қызметін біледі.
4. Бұл пәнде жиыны студентке оқытылатын тілдің лексика-семантикалық және фразеологиялық жүйесіндегі тілдің салыстырмалы зерттеу әдістемесін енгізуге

мүмкіндік береді. Әр түрлі функционалды стильдерді тану; көркем мәтінге стилистикалық талдау жүргізу; ауызша және жазбаша сөйлеуде заманауи фразеологиялық қорды қолдану; шетел тілін дамыту тенденциясы туралы білімді және фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық және семантикалық мәліметтерге қол жеткізу үшін зерттеуге сәйкес лингвистикалық материалдарды анықтауға үйретеді. Студенттер мәдениаралық қарым-қатынас құзыреттілігін өз мамандықтарына қатысты тақырыптармен байланыстыра отырып, салыстырмалы зерттеу әдістемесін меңгереді.

5. Мәдениетаралық өзара қарым-қатынас теориясы, шешендік шеберлік теориясы және бизнес-коммуникация теориясы саласындағы негізгі ережелер мен тұжырымдамаларды білу, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін меңгеру, көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдысын және қоғамда қабылданған моральдық және құқықтық нормалар негізінде әлеуметтік интеракция дағдыларын көрсетуге қабілетті болу. Студенттерде семантика түсінігін, шетел тілі бойынша халықаралық сертификатталған тесттерді тапсыру дағдыларын қалыптастырады.
6. Студент өзінің оқу-кәсіби қызметінде кездесетін практикалық мәселелерді шешуде теориялық білімді тиімді қолдана біледі, практикалық дағдылар мен құзыреттерге ие болады, сонымен қатар алдыңғы қатарлы тәжірибелерді игереді.
7. Бұл пәндер жиыны бастапқы деңгейінде: шетел тілінде дұрыс артикуляция жасау қабілетін қалыптастырады; сөйлемдердің құрылымдық және нормативтік модельдерін қолдана отырып, шетел тіліндегі этикет нормаларын сақтай отырып сөйлеу қызметін жүзеге асырады. Шетел тілінің негізгі грамматикалық нормаларын үйренуге, жазу, оқу және сөйлеу дағдыларын, сондай-ақ коммуникативтік дағдыларды қалыптастырады; шетел тілінде лексикалық қорды байытады. Жоғары деңгейінде: сөйлеу мәдениетін арттырады; шетел тіліндегі мәтіндерді көп қырлы талдау дағдыларын дамытады; кәсіби ой-өрісін кеңейтеді; шетел тіліндегі коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытып, шетел тілін жоғары деңгейде қолдану қабілетін қалыптастырады; студенттер тіл бірліктерін саралау және оларды тіл деңгейлерінің категориялық параметрлеріне сәйкес сипаттауды меңгереді.
8. Бұл пәндер жиыны бастапқы деңгейінде: Студенттерге екінші шетел тілінің 1-деңгейіндегі лексикалық эквиваленттік, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтай отырып, коммуникативтік құзыреттілік және барабар аударма дағдыларын қалыптастырады, екінші шетел тілінде сөйлеу, оқу және жазу қабілетін қалыптастыру; тілдік бірліктерді жіктеу және оларды осы тіл деңгейінің категориялық параметрлеріне сәйкес сипаттауға дағдыландырады; Ал жоғары деңгейінде: кәсіби қызмет саласын қоса алғанда, екінші шетел тілінің 2-деңгейін пайдалана отырып, коммуникативтік құзыреттілікті дамытады. Аталған пәндер жиыны екінші шетел тілінде сөйлеудің грамматикалық және стилистикалық стандарттарын меңгереді; лексикалық қорды кеңейтеді және лингвоелтанымдық ой-өрісін дамытады.
9. Бұл пәндер жиыны аударма процесінде тілдік құралдармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруге ықпал етеді. Оқыту процесінде кәсіби аударма дағдылары мен қабілеттері, сонымен қатар жоғары сапалы аударманың шарты болып табылатын лингвомәдени және әлеуметтік-мәдени сипаттағы фондық білім қалыптасады. Студент аударманың әр алуан түрлерімен, тіл жанрларымен, стилі мен аудармасымен, лексикалық, грамматикалық және стилистикалық түрлену түрлерімен, аудармаға дейінгі және аудармадан кейінгі талдау әдістерімен, мәтін мен аударманың лингвопрагматикалық ерекшеліктерімен, нормаларымен танысады, ана және шетел тілдерінің, сондай-ақ аударма нормаларының оқыту процесінде студенттер келесі нәтижелерді қалыптастырады: студент аударма мәтінін түзету және өңдеу дағдылары мен тәсілдерін меңгереді, мағыналық және

функционалдық-стилистикалық реңктерді анықтау және оларды мүмкіндігінше адекватты жеткізу дағдылары қалыптасады, аударма мәтінінде сәйкессіздіктерді түзету мақсатында аударма процесінде бастапқы және аударма мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау, бастапқы мәтіннің коммуникативтік құрылысын анықтау, аударма бірліктерін анықтау, аударма түрлендірулерін қолдану, әртүрлі салаларда білімдерін кеңейту және тереңдетіп; салалар, соның ішінде аударма материалдары қамтылған термологиядан алған білімдерін тереңдетеді.

10. Бұл курс экология және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі мәселелеріне арналған бейіндік оқыту болып табылады. Курс экология және адам өмірінің қауіпсіздігі туралы негізгі түсініктерді, табиғи жүйелердің заңдылықтарын қарастырады. Бұл пән экологияның ғылым ретінде міндеттері қойып, шешеді, экологияның негізгі бөлімдері және өмір мен қызмет қауіпсіздігін зерттейді. Қоршаған орта мониторингі мәселелері, сондай-ақ қорғау және қоршаған ортаны қорғаудың құқықтық аспектілерін зерттейді. Курсты меңгеру нәтижесінде студент: экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы ұғымдар мен терминологияны, экологиялық қауіпсіздік бойынша негізгі заңнамалық құжаттарды, қазіргі әлемдегі негізгі экологиялық проблемаларды білуі, сонымен қатар жағдайларын, қауіпті жағдайлардың туындауы үшін төтенше жағдайды сипаттауы және білуі керек. Істей білу: экологиялық мәдениетті қалыптастыру, адам денсаулығының жағдайын, облыстың, облыстың немесе қаланың жағдайын бағалауды, экологиялық апаттарды талдауды білуі керек. Құзыретті болуы: экология және тіршілік қауіпсіздігі саласындағы ғылыми ақпарат көздері саласында, экологиялық проблеманы тұжырымдау және оны шешу әдістері, қазіргі экология және адам денсаулығы саласындағы экологиялық проблемаларды білуі керек. Салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру.
11. Этностың және шетел тілі әдебиетінің, ойлаудың, сөйлеудің мәдениетімен байланысын қалыптастыру, қалыптасу тарихын, халықтың ерекшеліктері мен олардың тарихи дамуы мен қазіргі жағдайында, оның ішінде зерттелетін негізгі тіл елдеріндегі әдеби процесінің жүйесін, шетел әде
12. биеті тарихы мен теориясының негізгі ережелерін көрсете білу. Патриоттық сезімдерге тәрбиелеп, елге жерге және өзге мәдениеттерге деген құрмет сезімін қалыптастыру. Ел азаматы ретінде философиялық, қоғамтанулық, психологиялық, мәдениеттанулық дүниетанымын кеңейту және заманауи ақпараттық коммуникативтік технологияларды меңгерту. Қазақстан тарихы дамуының негізгі кезеңдерін білу және түсіну; Өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни тұрғыдан талдау арқылы адамзат қоғамының әлемдік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен байланыстыру; Қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру; қазіргі қазақстандық даму моделінің ерекшеліктерін объективті және жан-жақты түсіне білу; қазіргі Қазақстан тарихының тарихи құбылыстары мен үдерістерін жүйелеу және сыни тұрғыда баға беру.
13. Ислам теологиясының қалыптасу және даму тарихымен және Ислам теологиясының классикалық қайнаркөздерін меңгеру, теологиялық мәселелерге талдау жасау әдістерін үйрену және ақидалық мәселелер бойынша теориялық біліммен қатар, практикалық дағды қалыптастыру.

3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

3.1 Модульдер сипаттамасы

| Модуль атауы | Модульдың | Қалыптастырылатын | Оқыту әдістері |
|--------------|-----------|-------------------|----------------|
|--------------|-----------|-------------------|----------------|

| | құрамдас бөліктерінің атауы | күзiреттiлiктер | |
|--|-----------------------------|--|---|
| <p align="center">Жалпы бiлiм беретiн пәндер модулі</p> | <p>Қазақстан тарихы</p> | <p>Қазақстан тарихының негiзгi тарихи фактiлерi мен оқиғаларын бiлу және олардың ерекшелiктерiне (анализ) талдау жасау; тарихи құбылыстарды түсiндiру және Қазақстан тарихының әртүрлi кезеңдерi бойынша бiлiмдi жүйелеу; Қазақстан тарихының гуманитарлық бiлiм жүйесiндегi және түркi өркениетiнiң дамуындағы рөлiн түсiну; Қазiргi тарих ғылымының жетiстiктерiн салыстыра отырып, архив құжаттары мен материалдарды талдау; Қазақстан тарихының үдерiстерi мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру; тәуелсiз Қазақстан тарихындағы тарихи оқиғаларды салыстыру және қазiргi әлемнiң қауiп-қатерлерiне талдау жасау; Жаңашылдықтардың өзiндiк ерекшелiгiн бiлу және қазақстандық даму жолына талдау жасау; Жаңа Қазақстандағы өзгерiстердiң мәнiн түсiну және ҚР даму болашағын болжау.</p> | <p>Оқыту барысында бiлiмгердi оқытудың орталық объектiсi ретiнде қарастыратын оқыту әдiсi, ол бiлiмгерлердiң де оқыту үрдiсiне рефлексивтi көзқарасына негiзделген, бiлiктiлiкке бағытталған оқыту; әртүрлi форматтағы рөлдiк ойындар және оқу пiкiрталастары; кейс стади; жобалар әдiсi қолданылады.</p> |

| | | | |
|--|-------------------|---|---|
| | Шетел тілі | Ғылыми әдебиеттерді талдауға шығармашылық тұрғыдан келуге, тілдік материалдарды пайдалануға қабілетті болады. Маман ретінде адам өміріне қатысты әмбебаптық сипаттағы қарым-қатынаста сөйлемдерді дұрыс қолдана біледі; сауатты, мәдениетті сөйлей алатындай дәрежеге жетеді; сөйлеу дағдысын одан әрі жетілдіріп, кез келген жағдаятта пікірін, ойын еркін жеткізе алады. | Грамматикалық аударма; Тікелей-қатынас әдісі; Коммуникативтік; Жобалау, Интерактивті; Шығармашылық; Проблемалық әдіс-тәсілдер арқылы оқыту жүргізіледі. |
| | Қазақ (орыс) тілі | Лексиканы, грамматикалық білім жүйесін, интенцияны (ниеттерін) білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдауға және пайдалануға қабілетті болады. Пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауды; өз көзқарасын білдіруді; оны дәлелді түрде қорғауды; әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауды игереді. | Білім алушы тарапынан рефлексивті тәсілге негізделген білімгерге орталықтандырылған білім беру; құзыреттілікке бағытталған оқыту; тілдерді меңгерудің коммуникативтік-әрекеттік тәсілі; мәтіннің мазмұнын когнитивті модельдеу негізінде оның мағынасын түсіну және түсіндіру әдістері пайдаланылады. |
| | Дене шынықтыру | Салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолдану шеберлігін меңгереді. Кәсіби дене шынықтыру дағдыларын еңбек және өмірлік жағдаяттарда өз бетінше пайдалана алуға даяр болады. | Мәселелік-модульдік оқыту технологиялары; білімгерлер рөлдік, имитациялық және басқа да ойындарға қатысатын ойын технологиялары қоладнылады |

| | | | |
|---|--|---|---|
| | Философия | Пәнді игеру барысында ізденуші өзін қоршаған ортаға деген көзқарастарының, идеяларының, теорияларының жиынтығы ретінде адамның орнын ұғынады. Философия адамзат болмысының маңызды бөлігі ретінде білім алушының жоғары деңгейде ой тұжырымдарын жаңартады. | Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары қолданады және де білім алушылардың пәнді игеруі мақсатында оқудан тыс жұмыстар жүргізіледі. |
| | Ақпараттық коммуникациялық технологиялар | Ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіре алады; нақты мәселелерді шешу үшін айрықша тиімді технологияны таңдауды негіздей алады. Ақпараттық және коммуникациялық процестерді жүзеге асыру тәсілдерін, ақпараттарды жинау, сақтау және өндеу әдістерін түсіндіре алады. | Оқытушылар және білімгерлер жағынан оқуға рефлексстік тәсілге негізделген білімгер-орталықтандырылған оқыту; интерактивті дәріс (мәселелік дәріс, пікірталастық дәріс, дәріс-конференция, дәріс-кеңес) секілді әдістер қолданылады. |
| Әлеуметтік-саясаттану және қоршаған орта | Әлеуметтану | Әлеуметтанудың даму тарихы мен кезеңдерін және негізгі функцияларын меңгереді; базалық, теориялық білімін, практикалық әдет-дағдыларын ғылыми зерттеулерде, аналитикалық іс-қызметінде қолдана білу қабілеті қалыптасады. | Пәнді жүргізу кезінде, оқу барысында, оны жүргізудің белсенді және интерактивті формалары (интервью, дискуссия, сұрақ-жауап, кейстер) қолданылады. Соның нәтижесінде білімгерлердің сыни ойлау қабілеті мен шартты қабілеттері қалыптасады, өздерінің іс-әрекеттері мен идеяларына талдау жасап, бағалай алады, ақпараттарды жинақтап жан-жақты талдау жасай алады. |
| | Саясаттану | Саясаттанудың ғылым ретіндегі негізгі теориялық қағидаларын меңгеріп шығады. Қоғамға бейімделудің жолдарын біледі. | |
| | Мәдениеттану | Мәдениеттанулық зерттеулердің негізгі әдістерін игереді. Гуманитарлық пәндер жүйесіндегі мәдениеттанудың орнын, оның объектісі мен неғұрлым өзекті мәселелерді айқындайды. | |

| | | | |
|--------------------------------|--|---|--|
| | Психология | Адам санасының пайда болуы және дамуының теориялық негізін меңгереді. Адами тұлғаның психологиялық ерекшеліктерін айқындай алады. | |
| | Экология және өмір қауіпсіздігі | Білім алушы пәнді игеру нәтижесінде адам өміріндегі қауіп-қатерден сақтану жолдарын игереді. Табиғи және техногенді аппараттардан қорғанудың негізгі тәсілдерін біледі; қазіргі заманғы зақымдану құралдары мен олардың зардаптарын жою шараларын ұйымдастыра алады, сондай-ақ тіршілік қауіпсіздігінің шарттарын бағалауды меңгереді. | Білім алушыны оқытудың негізгі әдістері пән бойынша білікті болуға негізделген. Білімгерді жеке тұлға етіп қалыптастыру, сыни тұрғыдан дамыту, ынтымақтастық оқыту технологиясы пайдаланылады. |
| Тілдік және практикалық | Базалық шетел тілінің практикалық курсы (A1) | Білім алушылардың тілдік ой-өрісін кеңейту және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында шетел тілінің айтылу негіздері мен оқыту қабілетін қалыптастыру; шетел тілінің практикалық меңгеру құзыреттіліктерін А1 деңгейін жетілдіру. Білім алушылардың лингвистикалық ой өрісін жітілдіру және оқыталатын шетел тілінің айтылу негіздерін қалыптастыру; шетел тілінің практикалық білім құзыреттіліктерін жетілдіру. | Білім алушыларға ағылшын тіліндегі дыбыстық ерекшеліктерді теориялық жағынан түсіндіріп, ақпараттық, коммуникативтік әдістер қолданылады. Аудио материалдар арқылы топпен, жұппен, жеке студентпен жұмыс жасалады. |

| | | | |
|----------------------------|--|---|--|
| базаны қалыптастыру | Базалық шетел тілінің практикалық курсы (A2) | Пәннің мақсаты – шетел тілінде коммуникативтік-интермәдениетті құзыреттілікті, лексикалық қор мен грамматикалық құрылымдарды (A2) деңгейінде диалог жүргізу алуды дамыту. A2 деңгейіне сәйкес келетін коммуникативтік қызметті жүзеге асыру, коммуникативтік және мәдениетаралық құзіреттілігін, сөздік қорын және шетел тілінің грамматикалық құрылымдарын жетілдіруге арналған. | Оқыту барысында тілді меңгертудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады. |
| | Оқу практикасы | Оқу практикасы - жоғары оқу орындарында студенттердің алған ғылыми-теориялық білімдерін тәжірибелік әрекеттермен іс-тәжірибе жүзінде шыңдау. Оларды таңдаған мамандығына қызығушылығын арттыруға, өз бетінше кәсіби қызмет атқаруға, бәсекеге қабілетті маман дайындау. Кәсіби білім беру бағдарламаларын меңгеру барысында теориялық білімін саналы түрде меңгеруге талпыныс жасау, таңдаған мамандығы бойынша практикалық біліктіліктер мен дағдыландырды қалыптастыру. | Оқыту барысында тілді меңгертудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады. |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B1) | <p>B1 деңгейіне сай шығармашылық, ғылыми және кәсіби салаларында тілді ауызша және жазбаша түрде қолдану үшін кәсіби интермәдени, оқу-танымдық және коммуникативті құзыреттіліктерді дамыту, сөздік қорды кеңейту, жаңа грамматикалық құрылымдарды қалыптастырып жетілдіру. Түрлі жанрдағы мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Шетел тілін меңгеруін жалғастыруға жетелейтін оң мотивация қалыптастыру және ары қарай дамыту. Білім алу, кәсіби және ғылыми жұмыстарды атқаруға қажетті болған жазу дағдыларын қалыптастырып ары қарай дамыту.</p> | <p>Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.</p> |
| | Базалық шетел тілінің практикалық курсы (B2) | <p>Белсенді оқу, тыңдалым, айтылым және жазылым арқылы коммуникативтік дағдыларды дамыту, лингвистикалық, академиялық және жеке құзыреттілік құрылымы.</p> | <p>Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.</p> |
| Екінші шетел тілінің теориялық және практикалық курсы | Екінші шетел тілінің практикалық курсы-1 | <p>Студент оқытылатын шет тілінің заңдылықтарын бастауыш деңгейде меңгеруге; оқытылатын шет тіліндегі елдің мәдениетін түсіндіруге; тіл иелмендерімен жеке, кәсіби, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарда сөйлесе білуге; оқытылып отырған шет тілін меңгеруге және жетілдіруге; БАҚ-тағы материалдарды және кәсіби әдебиеттерді оқуға және түсінуге қабілетті болады.</p> | <p>Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.</p> |

| | | |
|---|---|--|
| <p>Екінші шетел тілінің практикалық курсы-2</p> | <p>Студент оқытылатын шет тілінің заңдылықтарын жалғастырушы деңгейде меңгеруге; оқытылатын шет тіліндегі елдің мәдениетін түсіндіруге; тіл иелмендерімен жеке, кәсіби, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарда сөйлесе білуге; оқытылып отырған шет тілін меңгеруге және жетілдіруге; БАҚ-тағы материалдарды және кәсіби әдебиеттерді оқуға және түсінуге қабілетті болады.</p> | <p>Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.</p> |
| <p>Екінші шетел тілін арнайы мақсатта оқыту</p> | <p>Бұл пән арнайы мақсатта екінші шетел тілін оқытудың ерекшеліктерін, тарихи дамуының негізгі кезеңдерін және арнайы мақсатта екінші шетел тілін оқытудың әдістемесін, екінші шетел тілін оқытудың отандық және шетелдік жүйесін, заманауи технологияларды оқуға бағытталған. Оқу-тәрбие процесін жоспарлау және ұйымдастыру, қазіргі сабақтың түрлері мен ерекшеліктерін, арнайы мақсатта екінші шетел тілі саласындағы сөйлеу-когнитивтік әрекетті дамыту.</p> | <p>Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады.</p> |

| | | | |
|--|---|---|--|
| | <p>Кәсіби бағытталған екінші шетел тілі</p> | <p>Кәсіби бағытталған екінші шетел тілін үйренуде студент болашақ маман ретінде екінші шетел тілін кәсіби деңгейде меңгеру үшін келесі құрлымдарды үйренеді. Ол кәсіптік-бағытталған шет тілін меңгеруді білім алушылардың жеке қасиеттерін дамытады. Оқытылатын тіл елінің мәдениетін білумен және кәсіби және лингвистикалық білімге негізделген. Кәсіби бағытталған білім жүйесін, интенцияны білдірудің прагматикалық құрамын жеткілікті көлемде білу негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын дұрыс таңдай және пайдалана алады.</p> <p>Кәсіби тақырыптарда коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады. Студенттерге шет тілін өз мамандықтарына қатысты тақырыптармен байланыстыра отырып үйретіп, шет тілінде сөйлеу қатынастарын, сөйлеу контекстерде грамматикалық, лексикалық және құрылымдықты қолданып оқытады. Яғни, кәсіби бағытталған шет тілін оқытуда білім беру мазмұнын мұқият іріктеу талап етіледі.</p> | <p>Салыстырмалы-тарихи әдіс, салғастырмалы әдіс, проблемалық оқыту әдісі, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдіс-тәсілдері қолданылады.</p> |
|--|---|---|--|

| | | | |
|---|-----------------------|--|---|
| Тіл білімі және Ислам негізі | Ислам теологиясы | Білім алушы келесі нәтижелерге ие болады: мәдениетаралық және кәсіби; коммуникативтік біліктіліктерін қалыптастырады. Шетел тілінде теориялық білімдерін практикада қолдана алады; шетел тілінің грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін, тілдік заңдылықтарын коммуникативтік әрекетінде қолдана біледі. Қазіргі таңдағы шетел тілдерінің заманауи мәселелері мен өзектілігі аясында кәсіби қарым-қатынас дағдыларын меңгереді. | Оқыту барысында Блум таксономиясы жобасы, кейс талдау және топтық жұмыс әдістері қолданылады. |
| | Әдебиеттануға кіріспе | Әдебиеттануға кіріспе пәнінің мақсат міндеттерін түсініп, тілді қарым-қатынас орнатудың негізгі құралы екенін білуде оқитын шетел тілі әдебиеті ойлаумен, сөйлеумен, этносымен және мәдениетімен байланысын қалыптастыру. Әдеби терминдермен таныс болып, әдеби материалдарды білу. Әдебиеттануға кіріспе пәнін меңгеруде тілдік материалдың әдеби дұрыстығы мен көп қолданатын фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құбылыстарды қосады, оқу және жазу қатынас негізін білу талаптарын қарастырады. | Білім алушыларды оқу үдерісін барынша тиімді ұйымдастырып, бөлінген уақытты орынды пайдалануға бағыттайтын тұлғалық, коммуникативтік әдістер қолданылады. |

| | | | |
|------------------------------------|-------------------------------------|---|--|
| | Тіл біліміне кіріспе | Тіл туралы негізгі мәселелермен таныстыру. Жалпы лингвистикалық құзыреттілікті, кәсіби лингвистикалық дүниетанымды қалыптастыру. Тілді жүйелік құбылыс ретінде ұғындыру, лингвистикалық терминологияны меңгерту. Лингвистикалық әдебиеттерді өз бетінше зерттеуге қажетті болған нақты білімді қамтамасыз ету. Тілдік талдау жүргізудің методологиясы мен әдістерімен таныстыру. “Жалпы тіл білімі”, “тіл тарихы” сияқты болашақта оқытылатын жалпы лингвистикалық пәндерді меңгеруге көмектесетін қажетті білімді қамтамасыз ету. | Оқыту барысында тілді меңгертудің тікелей грамматикалық жаттығу жұмыстары және әртүрлі форматтағы рөлдік ойындар және пікірталастар; кейс стади; Блум таксономиясы жобасы қолданылады. |
| Оқытылатын шетел тілі грамматикасы | Оқытылатын шетел тілінің фонетикасы | Фонетикалық құбылыстарды қамтитын жазбаша және ауызша тілдік дағдыларды дамытады. Оқытылатын шетел тілінің дыбыстық ерекшеліктерін теориялық жағынан меңгеріп, жаттығу барысында бекіту. Бұл пән араб/ағылшын тілінің фонетикалық жүйесіне байланысты заңдарды ашып көрсетеді, оның тілдегі дыбыстардың құрлымынға сәйкес әрі ғылыми, әрі практикалық тұрғыдан қарастырып дыбыс жүйесінің өзіндік белгілерін ережемен анықтамаларын жазылу, айтылу нормаларын білдіріп, тілдің қай саласында болсын сөз негізгі нысан болғандықтан, оны құрайтын дыбыстардың табиғаты баяндалады. | Тілді меңгертудің грамматикалық аударма әдістері қолданылып, сөздік қорды толықтыруға арналған тиімді жаттығулар жиынтығы пайдаланылады. |

| | | |
|--|---|--|
| <p>Оқытылатын шетел тілінің морфологиясы</p> | <p>Бұл курс студенттің маңызды морфологиялық мәселелерді және олардың тіл білімі талдауының басқа деңгейлерімен: фонетикалық, грамматикалық, лексико-семантикалық байланыстарымен байланысын зерттеуге қажетті зерттеу дағдыларын дамытуға, сонымен қатар студенттің тілдік материалды морфологиялық тұрғыдан талдау қабілетін дамытуға бағытталған. Студент лексиканың түрін, мағынасы мен қызметі жағынан әр түрлі түрлерін ажырата алуы үшін зат есім мен етістіктің жалғауы сияқты салалардағы қазіргі лингвистикалық зерттеулердің нәтижелері туралы. Сонымен қатар әртүрлі тілдер арасындағы әртүрлі морфологиялық жүйелердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын білу.</p> | <p>Пәнді жүргізу барысында мәтінмен жұмыс түрлері жүргізіліп, жұмысты саралау, талдау әдіс-амалдары, салыстырмалы-тарихи талдау әдісі қолданылады.</p> |
